

"Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 438 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 18 тамызда № 15511 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 15 маусымдағы № 470 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 15.06.2020 № 470 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 70-23) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары Ю.В. Ильинге жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

полковнигі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

_____ Ж. Қасымбек

2017 жылғы 3 шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Т. Сүлейменов

2017 жылғы 18 шілде

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2017 жылғы 23 маусымдағы
№ 438 бұйрығымен
бекітілген

"Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті
1-тарау. Қолданылу саласы

1. Осы "Объектілерді қорғауға арналған өрт техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті (бұдан әрі – Техникалық регламент) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі, "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы, "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі заңдарына сәйкес әзірленген.

2. Техникалық регламент кәсіпорындарды, ғимараттар мен құрылыстарды (бұдан әрі – объектілер) өрттен қорғауға арналған өрт техникасының қауіпсіздігіне, сондай-ақ оның тіршілік циклінің процестеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

3. Осы Техникалық регламенттің талаптары қолданылатын өнімнің тізбесі осы Техникалық регламентке 1-қосымшада келтірілген.

2-тарау. Терминдер мен анықтамалар

4. Осы Техникалық регламентте мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) автоматты өрт сөндіру қондырғысы – қорғалатын аймақта өрттің бақыланатын факторы (факторлары) белгіленген шекті мәндерден асып кеткен кезде автоматты түрде іске қосылатын өрт сөндіру қондырғысы;

2) автоматты өрт хабарлағыш – өртке ілесе жүретін факторларға ден қоятын өрт хабарлағыш;

3) азотпен өрт сөндіру қондырғысы – өрт сөндіруші зат ретінде азот пайдаланылатын өрт сөндіру қондырғысы;

4) арқандық-түсіргіш құтқару құрылғысы – түрлі мақсаттағы объектілердің биіктік деңгейлерінен адамдардың өмірлеріне қатер төнген жағдайларда оларды құтқаруға және өрт сөндірушілердің өздерін құтқаруға арналған арқаннан (таспадан) және тежегіш құрылғысынан тұратын өрттен құтқару құрылғысы;

5) арынды жалғастырғышты қосқыш өрт бастиегі – су құбыры арматурасын және жеңқұбырлы жабдықты арынды өрт сөндіру жеңқұбырларымен қосуға арналған қосқыш өрт сөндіру бастиегі. Сыртқы қосқыш ойығы бар;

6) арынды өрт сөндіру жеңқұбыры (арынды жеңқұбыр) – артық қысым астындағы өрт сөндіргіш заттарды тасымалдауға арналған өрт жеңқұбыры;

7) арынды-сорғыш өрт сөндіру жеңқұбыры – ашық су көзінен сондай-ақ қысым астындағы су көзінен (гидранттан) жұмыс істеуге арналған өрт жеңқұбыры;

8) ауа-көбікті өрт сөндіргіш – көбік түзетін қоспалардың сулы ерітіндісінің заряды бар өрт сөндіргіш;

8-1) ауа-эмульсиялық өрт сөндіру модульдері – сақтау, беру қызметтері мен өрт сөндіргіш ауа-эмульсиялық қоспаны шығару мен таратуды бақылау және басқару құрылғысын командалық импульс бойынша жүзеге асыратын бекіту-бос қызметтері біріктірілген ауа-эмульсиялық өрт сөндіргіштің қондырғысының атқарушы құрылғысы;

9) ауыспалы өрт сөндіргіш – конструктивті орындалуы мен салмағы адам тасымалдауы үшін қолайлылықты қамтамасыз ететін өрт сөндіргіш;

10) бумен өрт сөндіру қондырғысы – өрт сөндіруші зат ретінде су буы пайдаланылатын өрт сөндіру қондырғысы;

11) вакуумды өрт сорғысы – сорғы қондырғысының қуысында босауды және өрт машиналары ашық су көздерінен жұмыс істеген кезде оларды сумен толтыруға сорғыш желісін құруға арналған сорғы;

12) газбен өрт сөндіру қондырғысы – газы бар өрт сөндіргіш құрамды автоматты шығару есебінен өрт ошағын сөндіруге арналған өрт сөндірудің орнықты техникалық құралдарының жиынтығы;

12-1) газбен-ұнтақпен өрт сөндіру қондырғысы – газды-ұнтақты өрт сөндіргіш заты бар ыдыстар (баллондар) өрт станциясында қорғалатын аймақтан тыс орналасқан өрт сөндіру қондырғысы;

13) жалындық өрт хабарлағыш – жалынның электромагниттік сәулеленуіне ден қоятын автоматты өрт хабарлағышы;

14) жауынгерлік есептоп – нормативтік құжаттармен белгіленген міндеттері бар өрт сөндіру машинасындағы жеке құрам;

15) желілік құрылыстар – белгілерді хабарлаушылардан қабылдау-бақылау құралына, сондай-ақ қабылдау-бақылау құралынан құлақтандыру құрылғылары мен өртке қарсы қорғау жүйелеріне беруге арналған өрт дабылы қондырғысының бөлігі;

16) жеңқұбырлы арынды қосқыш өрт бастиегі – арынды өрт жеңқұбырларын өзара және өрт жабдығымен қосуға арналған қосқыш өрт бастиегі;

17) жеңқұбырлы бекіткіш құрылғы – өрт жеңқұбырларын жеңқұбырлы қосқыш бастиектерге бекітуге арналған құрылғы;

18) жеңқұбырлы иін – өрт жеңқұбырларын шамадан тыс бүгілуден немесе кедергілер арқылы төсеген кезде бұзылудан сақтандыруға арналған құрылғы;

19) жеңқұбырлы кассета – "бүрмеленіп" немесе "оралып" салынған арынды өрт жеңқұбырын орналастыруға арналған құрылғы;

20) жеңқұбырлы көпір – өрт жеңқұбырының үстінен жол көлігі өткен кезде оны зақымдалудан қорғауға арналған құрылғы;

21) жеңқұбырлы құтқару құрылғысы – құтқарылушылардың сырғып түсуі үшін матадан жасалған және түрлі биіктік дейгейлерінен адамдарды, материалдық құндылықтарды шұғыл эвакуациялауға арналған өрттен құтқару құрылғысы;

22) жеңқұбырлы қысқыш – өрт сөндіргіш заттың берілуін тоқтатпай арынды өрт жеңқұбырларының жарылуынан ағуды уақытша жоюға арналған құрылғы;

23) жеңқұбырлы орауыш – алдын ала қосылған арынды өрт жеңқұбырларын орап орналастыруға және оларды салуға және (немесе) тасымалдауға арналған құрылғы;

24) жеңқұбырлы өтпе – түрлі шартты өтпелі немесе түрлі типті екі қосқыш өрт бастиегін қосуға арналған арматура;

25) жеңқұбырлы су жинағыш (су жинағыш) – бірнеше жеңқұбырлы желілерді біреуге біріктіруге арналған арматура;

26) жеңқұбырлы тарамдалу – ағынды бөлуге және арынды өрт жеңқұбырлары арқылы тасымалданатын өрт сөндіруші зат санын реттеуге арналған арматура;

27) жеңқұбырлы шектеу – жеңқұбыр желісін биіктікте бекітуге арналған құрылғы;

28) жергілікті және (немесе) қашықтықтан іске қосылатын қолмен өрт сөндіру құрылғысы – қол тәсілімен іске қосылатын өрт сөндіру қондырғысы;

29) жерасты өрт гидранты – өрт сөндіру қажеттіліктері үшін өрт бағаналарының көмегімен су құбыры желісінен су алуға арналған құрылғы;

30) жылжымалы өрт сатысы – арқандық тарту әсерінен бірнеше телескоптық жылжитын иіндерден тұратын, өрт бөлімшесінің жеке құрамын ғимараттардың

екінші және үшінші қабаттарына, үй-жайлардың шатыры мен төбесіне көтерілуі үшін, өрт кезінде ғимарат ішінде (залдарда) жұмыс істеу үшін, сондай-ақ оқу-жаттығу жұмыстарына арналған өрт қол сатысы;

31) жылжымалы өрт сөндіргіш – доңғалақты немесе арбаға салынған өрт сөндіргіш;

32) жылжымалы өрт техникасы – автомобиль шассиінің, тіркеменің немесе жартылай тіркеменің базасына орнатылған және өрт сөндіру, адамдарды және материалдық құндылықтарды өрттен қорғауға арналған мобильді техникалық құралдар;

33) жылулық өрт хабарлағыш – температураның белгілі бір мәніне және (немесе) оның өсу жылдамдығына ден қоятын автоматты өрт хабарлағыш;

34) керме құтқару төсемі – операторлар немесе конструктивтік элементтердің көмегімен ұсталатын, адамдарды 20 метрден аспайтын биіктіктен құтқаруға арналған және жоғарыдан секіретін адамдардың соққысының энергиясын қабылдауға негізделген төсем түріндегі құрылғы;

35) көбік өрт сөндіру қондырғысы – өрт сөндіруші зат ретінде ауа-механикалық көбік пайдаланылатын өрт сөндіру қондырғысы;

36) көбікті қол өрт оқпаны (көбікті оқпан) – түрлі еселікті көбіктер алуға арналған өрт оқпаны;

37) көлемді өрт сөндіру қондырғысы – қорғалған көлемде жануды қолдамайтын ортаны құруға арналған өрт сөндіру құрылғысы;

38) көмірқышқылды өрт сөндіргіш – көміртегінің қос тотықты заряды бар өрт сөндіргіш;

39) күзет-өрт хабарлағышы – күзет және өрт хабарлағыш функцияларын хабарлағыш;

40) қол өрт аспабы – өрт сөндіру кезінде конструкцияларды ашуға, бұзуға және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған қол аспабы;

41) қол өрт оқпаны (қол оқпаны) – өрт сөндіргіш заттардың ағысын қалыптастыруға және оны өрт ошағына бағыттауға арналған өрт оқпаны;

42) қол өрт сатысы – өрт сөндіру кезінде жауынгерлік іс-қимылдар жасауды қамтамасыз етуге және олармен байланысты биіктікте бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етуге арналған тасымалданатын конструкция;

43) қол өрт хабарлағышы – қолмен іске қосылатын өрт хабарлағыш;

44) қол су өрт оқпаны (су оқпаны) – су ағысын қалыптастыруға және оны өрт ошағына бағыттауға арналған өрт оқпаны;

45) қосқыш өрт арматураларына арналған кілттер – арынды және сорғыш өрт сөндіру жеңқұбырларының, өрт жабдығының қосқыш арматурасына қызмет етуге арналған жабдық;

46) қосқыш өрт бастиегі – өрт сөндіру жеңқұбырларын қосуға және оларды өрт жабдығы мен өрт сорғыларына қосуға арналған жылдам қосылатын арматура ;

47) құлақтандыру құрылғысы – персоналға өрт туралы оптикалық және акустикалық сигналдарды қалыптастыруға және мемлекеттік өртке қарсы қызметті шақыруға арналған өрт сигнализациясы қондырғысының бөлігі;

48) құрама қол өрт оқпаны – тұтастай немесе шашыраңқы су ағысын және төмен еселікті ауа-механикалық көбікті қалыптастыруға, оны өрт ошағына бағыттауға арналған өрт оқпаны;

49) құрама лафетті өрт оқпаны – өрт сөндіру кезінде тегіс немесе тегіс және жалынның өзгертін бұрышымен тозаңдатылған су ағынын, сондай-ақ төмен еселікті ауа-механикалық көбік ағынын қалыптастыруға арналған өрт ұңғысы;

50) құрама өрт сөндіргіш – екі және одан көп өрт сөндіргіш заттардың заряды бар өрт сөндіргіш;

51) құрама өрт сорғысы – қалыпты және жоғары қысымды жүйелі қосылған сорғылардан тұратын және бір жетекке ие сорғы;

52) құтқару құралдары (құрылғылары) – адамдарға өрттің қауіпті факторларының әсер етуі және (немесе) олардың ілеспе көріністерінің болуы мүмкін және эвакуациялау өрттің қауіпті факторларымен немесе басқа да себептермен бұғатталған жерлерден адамдарды дербес немесе мәжбүрлі көшіруді қамтамасыз ететін техникалық құралдар;

53) құтқару секіру пневматикалық құрылғысы – көлемі немесе каркасы ауамен немесе артық қысымды газбен толтырылған, адамдарды 20 метрден аспайтын биіктіктен құтқаруға арналған және жоғарыдан секіретін адамдардың соққысының энергиясын қабылдауға негізделген көлемді түрдегі құрылғы;

54) механикаландырылған қол өрт аспабы – пневмо-, электр- немесе мотожетекті соққылау, басу-айналдыру және (немесе) айналдыру әрекетінің қол өрт аспабы;

55) модуль типтегі ұнтақты өрт сөндіру қондырғысы (импульсті ұнтақты модульдер) – сақтау, беру қызметтері мен 0,2 с артық емес уақыт ішінде өрт сөндіргіш ұнтақты шығару мен таратуды бақылау және басқару құрылғысын командалық импульс бойынша жүзеге асыратын бекіту-бос қызметтері біріктірілген ұнтақты өрт сөндіргіштің импульсті қондырғысының атқарушы құрылғысы;

56) модульдік өрт сөндіру қондырғысы – өрт сөндіруші заты және тікелей қорғалатын үй-жайда іске қосу құрылғысы бар, сыйымдылықты орналастыруды көздейтін құбырлы емес автоматты өрт сөндіру қондырғысы;

57) муфталы арынды қосқыш өрт бастиегі – су құбыры арматурасын және жеңқұбырлы жабдықты арынды өрт сөндіру жеңқұбырларымен қосуға арналған қосқыш өрт бастиегі. Ішкі қосқыш ойығы бар;

58) оқшаулаушы газқағар – тыныс алу үшін жарамсыз атмосферада жұмыс істеу кезінде және өрт сөндіру кезінде пайдаланылатын адамның тыныс алу, көру органдарын қорғауға арналған аппарат;

59) оптикалық өрт хабарлағыш – хабарлаушының электромагниттік сәулеленуді жұтуына немесе таратуына қарай жану өнімдерінің әсері нәтижесінде іске қосылатын түтіндік өрт хабарлағышы;

60) орташа еселікті көбік генераторы (көбік генераторы) – көбік түзгіш су ерітіндісінен орташа еселікті ауа-механикалық көбікті алу және оны өрт ошағына беруге арналған құрылғы;

61) өрт бағаны – су алу үшін өрт гидрантына орнатылатын алмалы-салмалы құрылғы;

62) өрт бақаны – ғимараттар мен құрылыстардың конструкцияларының жабындарын, арақабырғаларын, қабырғаларын және басқа да элементтерін бөлшектеуге арналған аспап;

63) өрт балтасы – ғимараттар мен құрылыстар элементтерінің жеңіл конструкцияларын бөлшектеуге, сондай-ақ жабындарды, есіктерді және терезелерді ашуға арналған аспап;

64) өрт бастиегі-бітемесі (бас-бітеме) – өрт қосқыш бастиектердің жабуға арналған арматура;

65) өрт белдігі – өрт сөндірушілерді биіктікте жұмыс істеген кезде өзін-өзі құтқаруға және сақтандыруға арналған белдік;

66) өрт белдік карабині (өрт карабині) – өрт сөндірушіні биіктікте жұмыс істеген кезде, сондай-ақ құтқару жұмыстарын жүргізу және өрт сөндіру кезінде өзін-өзі құтқару үшін бекітуге және сақтандыруға арналған құрылғы;

67) өрт гидранты – өрт сөндіру үшін су құбыры желісінен су алуға арналған құрылғы;

68) өрт гидроэлеваторы – суды су көзінен сорғылар соруының барынша биіктігінен асатын деңгеймен алуға, сондай-ақ өрт сөндіру кезінде төгілген суды үй-жайлардан шығаруға арналған арматура;

69) өрт жабдығы – өрт сөндіру коммуникациялары құрамына кіретін жабдық, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету құралдары мен олардың жинақталымдары;

70) өрт жарағы (өрт-техникалық жарақ) – өрт жабдығынан, қол өрт аспабынан, өрттен құтқару құрылғыларынан, өрт сөндірушілерді жеке қорғау құралдарынан, нақты өрт машиналарының мақсаттарына сәйкес оларға арналған техникалық құрылғылардан тұратын жинақ;

71) өрт жылудан қорғау костюмі – өрт ошағына жақындаған және онда қысқа уақыт болған кезде жылу әсерінен қорғайтын өрт костюмі;

72) өрт каскасы – өрт сөндірушінің басын, мойны мен бетін өрт сөндіру және онымен байланысты бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде термиялық және механикалық әсерлерден, агрессиялық орталардан, судан қорғауға арналған жеке құрал;

73) өрт көбік араластырғыш (көбік араластырғыш) – суға көбік түзетін және суландыратын қоспаларды енгізуге арналған құрылғы;

74) өрт қалқандары (стендтері) – өрт сөндірудің алғашқы құралдарын, өрт су құбырымен және өрт сөндіру қондырғыларымен қамтамасыз етілмеген объектілерде өрттерді бастапқы кезеңінде жою үшін қолданылатын механикалық емес аспаптар мен мүкәммалды орналастыруға және сақтауға арналған арнайы қалқандар (стендтер);

75) өрт құлақтандырғышы – адамдарды өрт туралы жаппай құлақтандыруға арналған құрылғы;

76) өрт машиналары – өрт сөндіру кезінде пайдалану үшін арналған, жабдығы бар моторлы құралдар;

77) өрт мотопомпасы – сорғы агрегаты және өрт жабдығының жинағы бар өрт сөндіру машинасы;

78) өрт оқпаны – өрт сөндіргіш заттардың ағыстарын қалыптастыруға және бағыттауға арналған арынды желінің ұшында орнатылатын құрылғы;

79) өрт сорғысы – суды және өрт сөндіретін ерітінділерді беруді қамтамасыз ететін өрт сөндіру машиналарының сорғылық қондырғы агрегаты;

80) өрт сөндіргіш – қордағы өрт сөндіргіш затты шығару есебінен өрт ошағын сөндіруге арналған ауыспалы, жылжымалы немесе орнықты құрылғы;

81) өрт сөндіру жеңқұбыры – өрт сөндіретін заттарды тасымалдау үшін қосқыш өрт бастиектерімен жабдықталған икемді құбыр;

82) өрт сөндіру қондырғысы – өрт сөндіретін затты шығару есебінен өрт сөндіруге арналған орнықты техникалық құралдар жиынтығы;

83) өрт сөндірушілерді жеке қорғау құралдары – өрттің қауіпті факторларының адамға әсерінің алдын алу және азайту үшін адамның жеке қолданысындағы алып жүретін (қолданатын) құралдары (өрт сөндірушінің арнайы қорғау киімі, өрт сөндірушінің тыныс алу және көру органдарын, басын, қолдары мен аяқтарын) жеке қорғау құралдары);

84) өрт сөндірушінің жауынгерлік киімі – өрт сөндіру кезінде және онымен байланысты бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізген кезде туындайтын қоршаған ортаның қауіпті және зиянды факторларынан, сондай-ақ қолайсыз климаттық әсерлерден адамды қорғауға арналған киім;

85) өрт сүймені – жабынды, ағаш едендерді, есіктер мен терезе жақтауларын ашуға арналған аспап;

86) өрт техникасы – өрттің алдын алу, дамуын шектеу, сөндіру, адамдарды және материалдық құндылықтарды өрттен қорғауға арналған техникалық құралдар;

87) өрт тіреу – өрт гидрантын орнатуға арналған құбырдың бөлшегі;

88) өрт шкафтары – өрт краны мен тасымалданатын өрт сөндіргіш(тер) жиынтығын орналастыруға арналған арнайы шкафтар;

89) өрт ілмегі – өртте түрлі конструкцияларды ажырату, ашу және бұзу кезіндегі жұмыстарды орындауға арналған аспап;

90) өртке қарсы сумен жабдықтау – суды алу және тасымалдау, оның қорын сақтау және оны өрт сөндіру үшін пайдалануға арналған инженерлік-техникалық құрылыстар кешені;

91) өрттен құтқару жібі – биіктіктен өрт сөндірушінің өзін-өзі құтқаруға және адамдарды құтқаруға, өрт сөндіру және онымен байланысты бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде өрт сөндірушілерді сақтандыруға арналған арнайы жіп;

92) респиратор – авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде адамның тыныс алу органдарын қорғауға арналған жеке құрал;

93) саты-таяқша – басқыштарды бұрау есебінен адырнарды жылжытып жинақталатын қол өрт сатысы, әскер мен олардың жарақтарын саты биіктігінің деңгейіне көтеруге арналған және өрт ошағымен күресу және құтқару жұмыстарын орындау үшін пайдаланылады;

94) сорғыш өрт сөндіру жеңқұбыры (сорғыш жеңқұбыр) – суды өрт сөндіру сорғысының көмегімен су көзінен алуға арналған конструкциясы қатты өрт сөндіру жеңқұбыры;

95) сорғыш өрт торы (сорғыш тор) – сорғыш желінің өздігінен босауын және оған бөтен заттардың түсуін болдырмауға арналған құрылғы;

96) сумен өрт сөндіргіш – су немесе қоспалы су заряды бар өрт сөндіргіш;

97) сумен өрт сөндіру қондырғысы – шашыраңқы сумен өрт сөндіруге арналған өрт сөндіру қондырғысы;

98) тасымалданатын өрт мотопомпасы – автоцистерналарды және сорғы-жеңқұбыр автомобильдерін ұстау мүмкін емес немесе экономикалық себептермен мақсатқа сай емес ауылдық жерде және шағын өнеркәсіптік объектілерде өрт орнына су көзінен су беруге арналған өрт сөндіру машинасы;

99) термотөзімді өрттен құтқару жібі – ашық жалынның және жоғары температураның ықтимал әсер ету аймақтарында өрттерді сөндіру кезінде авариялық-құтқару жұмыстарын орындауға арналған арнайы жіп;

100) түтіндік өрт хабарлағыш – жанудың аэрозольді өнімдеріне ден қоятын автоматты өрт хабарлағыш;

101) тұтастай ағысты қол су өрт оқпаны – судың тұтастай ағысын қалыптастыруға және оны өрт ошағына бағыттауға арналған өрт оқпаны;

102) тұтастай және шашыраңқы ағысты қол су өрт оқпаны – тұтастай немесе шашыраңқы су ағысын немесе суландырғыш ерітіндіні қалыптастыруға және бағыттауға арналған өрт оқпаны;

103) тыныс алу аппараты – тыныс алу және көру органдарын өрт сөндіру және аварияларды жою кезінде тыныс алу үшін зиянды уытты және түтіндеген газ ортасының әсерінен қорғауға арналған аппарат;

104) тіркемелі өрт мотопомпасы – суды су көзінен беруге, өрт жабдығының жинағын өрт орнына жеткізуге арналған өрт сөндіру машинасы;

105) тіркемелі өрт түтін сорғышы – өрт орнына түтінді жаятын құралдарды, арнайы жабдықтар мен аспаптарды жеткізуге, түтінді ғимараттардан және құрылыстардан жоюға, оларда желдетуді қамтамасыз етуге арналған автомобиль тіркемесі;

106) ұнтақпен өрт сөндіру қондырғысы – өрт сөндіруші зат ретінде ұнтақ пайдаланылатын өрт сөндіру қондырғысы;

107) ұнтақпен өрт сөндіретін импульсті қондырғы – өрт сөндіргіш ұнтақты сақтау және беру құрылғылары импульсті ұнтақты модульдер (немесе импульсті ұнтақты модуль блоктары) болып табылатын ұнтақты өрт сөндіргіш қондырғы;

108) ұтқыр өрт сөндіру құралдары – өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде өрт сөндіру бөлімшелерінің жеке құрамының пайдалануына арналған тасымал немесе тасымалдайтын өрт сөндіру машиналары (өрт сөндіру автомобильдері, зулағыштар, ұшақтар, тікұшақтар, пойыздар, кемелер, ұтқыр робот-техникалық кешендер, мотопомпалар, мотоциклдер, квадроциклдер, квадрициклдер, трициклдер);

109) үстіртін өрт сөндіру қондырғысы – қорғалған аймақтағы жанып жатқан бетке әсер ететін өрт сөндіру қондырғысы;

110) шабуыл сатысы (шабуыл) – тірек бетіне асып қоюға арналған, ілмекпен жабдықталған қол өрт сатысы;

111) n-реттік жеңқұбырлы тарамдалу – n-бағыттар бойынша ағынды бөлуге арналған жеңқұбырлы тарамдалу.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 28.06.2019 № 598 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Өнімнің қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар

5. Өрт техникасының жіктегіші Техникалық регламентке 2-қосымшада келтірілген.

6. Өрт сөндіру қондырғыларының қолмен қосу қондырғылары, өрт сөндіргіштердің бекіту-босату құрылғысы және өрт шкафтарының есіктері пломбылануы тиіс.

7. Пайдалануға берілген (жауынгерлік есептопқа немесе резервке қойылған) өрт сөндіру автомобильдері, мотопомпалар мен тіркемелер өрт-техникалық жарақпен жарақталуы, отынмен, өрт сөндіргіш заттармен толтырылуы және жарамды күйде болуы тиіс.

8. Өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерінің жабдықтары (өрт гидранттары, өрт крандары, сумен және көбікпен өрт сөндірудің құрғақ құбырлы, сондай-ақ шашқыш жүйелері) пайдалануға қабылдаудың алдында және жылына кемінде екі рет (көктемде және күзде) техникалық қарап-тексеруден өтуі, су жіберу арқылы жұмыс қабілеттілігі (су беруге) тексерілуі тиіс.

Техникалық қарап-тексеру мыналарды қамтиды:

1) механикалық зақымдардың (сызат, нақыш және т.б.) бар-жоғын анықтау, лак-бояу жабынының тұтастығын айқындау мақсатында өрт кранын тексеру;

2) жиынтықты тексеру;

3) өрт сөндіру жеңқұбырын кранға және оқпанға қосу сапасын және оларды ажыратудың жеңілдігін бақылау;

4) өрт оқпанындағы резеңке төсемшелердің және крандағы, жеңқұбырдағы және құбырдың бағанындағы қосқыш бастиектердің жай-күйін тексеру;

5) кранға су беруге гидравликалық сынақтарды орындау және (немесе) құрғақ құбырларға су беру;

6) қысымды жоғарылататын сорғыны қосатын және (немесе) сыртқы және ішкі өртке қарсы су құбырының жиекті желісіндегі электр ысырмасын ашатын түйменің дұрыстығын тексеру;

7) өрт сөндіру жеңқұбырының оралып қалуы;

8) өрт кранының пломбылануы.

Ішкі өртке қарсы сумен жабдықтау сынақтары плюс 5 ° С-тан төмен емес температура кезінде жүргізілуі тиіс.

Ішкі өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерін су беруге техникалық қарап-тексеру және тексеру нәтижелері актімен және сынақтар хаттамасымен рәсімделуі тиіс.

Су өткізу желісін су беруге тексеру актісінің, өрт гидранттарын тексеру актісінің, ішкі өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерін жұмыс қабілеттілігіне

сынау актісінің, су беруге сынау хаттамасының және өрт крандарының клапандарын жұмыс қабілеттілігіне сынау хаттамасының нысандары Техникалық регламентке 3-қосымшада келтірілген.

9. Өрт шкафтары оларда өрт краны жабдығының жинағын және өрт сөндіргіштің өрт сөндіру заты зарядының массасы кемінде 5 кг кемінде екі қол өрт сөндіргішін орналастыру мүмкіндігімен кез келген үш нұсқада (аспалы, тіреме және жапсарлас) орнатылуы тиіс.

10. Өрт шкафтарын пайдаланудың температуралық диапазоны плюс 5 ° C-тан бастап плюс 45 ° C-қа дейінгі шекте болуы тиіс.

11. Өрт шкафтары мақсатына қарай оларда алғақшы өрт сөндіру құралдарын, өрт жабдығын, адамдардың жеке қорғану және құтқару құралдарын орналастыру мен сақтауды қамтамасыз етуі тиіс.

12. Өрт шкафтарының конструкциясы олардың ішіндегі техникалық құралдарды жылдам әрі қауіпсіз пайдалануға мүмкіндік беруі тиіс.

13. Өрт шкафтарының сыртқы ресімделуі және олардың мазмұны туралы ақпарат оларға орналастырылатын техникалық құралдардың болуы және құрамы туралы жедел ақпараттандыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

14. Қол өрт сатылары өрт сөндіру бөлімшелерінің жеке құрамына үй-жайға және ғимараттар мен құрылыстардың шатырына кіру, көрсетілген үй-жайларға өрт сөндіргіш құралдарды беру, сондай-ақ осы үй-жайлардан адамдарды құтқару мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Қол өрт сатыларының габариттік өлшемдері мен конструкциясы оларды өрт сөндіру автомобильдерінде тасымалдау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Қол өрт сатыларының механикалық төзімділігі, өлшемдері мен эргономикалық және қорғағыш көрсеткіштері адамдарды биік деңгейлерден құтқару және қажетті өрт жабдығын көтеру бойынша міндеттерді орындау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

15. Құтқару жібі будаққа оралуы және су өткізбейтін қаптамада сақталуы тиіс . Қаптаманың конструкциясы жіпті жедел қолдануды қамтамасыз етуі, паспортты (формулярды) орналастыруға арналған қалтасы және ұзындығы бойынша реттегіші бар тасымалдауға арналған белдігі болуы тиіс.

16. Құтқару құралдары өрттің қауіпті фактораларының әсеріне ұшырамаған аймаққа негізгі эвакуациялау жолдарын пайдалану мүмкіндігі жоқ адамдарды қауіпсіз көшіру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

17. Өрт сөндіргіштер толықтай зарядталған және жұмысқа қабілетті күйде, бекіту-босату құрылғысының басқару торабы мөрленген болуы, өрт сөндіргіштерге арналған стандарттарда көрсетілген рангтерден төмен емес өрттің үлгілік ошақтарын сөндіруді қамтамасыз етуі тиіс.

Тасымалданалатын және жылжымалы өрт сөндіргіштердің конструктивтік элементтерінің төзімділік сипаттамалары өрт сөндіру кезінде оларды қауіпсіз қолдануды қамтамасыз етуі тиіс.

18. Пайдалануға енгізілген өрт сөндіргіштер техникалық қызмет көрсетуге тартылуы тиіс.

19. Өрт сөндіргіштерге дайындаушы зауыттың техникалық құжаттамасына сәйкес және ұйым басшысының бұйрығымен тағайындалған адамның қажетті аспаптар мен материалдарды пайдалануы арқылы жүргізіледі.

20. Өрт сөндіргіштерге техникалық қызмет көрсету нәтижелері бойынша толтырылатын құжаттардың үлгілері Техникалық регламентке 4-қосымшада келтірілген.

21. Жөндеу, сынау немесе қайта зарядтау кезінде пайдаланудан шығарылған өрт сөндіргіштер параметрлері ұқсас резервтік өрт сөндіргіштермен ауыстырылуы тиіс.

22. Барлық типтегі өрт сөндіргіштерді зарядтау және қайта зарядтау дайындаушы зауыттың техникалық құжаттамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.

23. Өрт сөндіргіштер қолданыстан кейін дереу немесе егер газбен өрт сөндіргіштің немесе ығыстырушы газдың ағу шамасы бір жыл ішінде шекті мәннен асып кетсе, қайта зарядталуы тиіс.

24. Тыныс алу аппараттарының баллондарын, оқшаулағыш түріндегі өзін-өзі құтқарғыштарды, өкпені жасанды желдету аппараттарын ауамен толтыруға арналған сығылған ауа Техникалық регламентке 5-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген мәндерге сәйкес болуы тиіс.

25. Оттекті оқшаулағыш газқағарларды жарақтауға арналған газ тәріздес оттегі Техникалық регламентке 5-қосымшаның 1-кестесінде келтірілген мәндерге сәйкес болуы тиіс.

26. Су құбыры желілерінің өрт жабдығы мен жинақтаушы жабдық сорғы коммуникацияларының жинақтаушы жабдығынан басқа, кемінде 1 мега Паскаль (бұдан әрі – МПа) жұмыс қысымына есептелуі және қызмет көрсетуге қолайлы қауіпсіз орындарда орнатылуы және іске қосу кезінде және қызмет көрсетуші персонал үшін қауіпті шектегі жұмыс режимінде гидравликалық соққыны тудырмауы тиіс.

27. Өрт сөндіру машиналарын жинақтауға арналған сумен өрт сөндіру қол оқпандары бекіту құрылғыларымен жабдықталуы, жылу өткізгіштігі төмен материалдан жасалған қаптамасы болуы және тасымалдау қолайлылығы үшін белдіктермен жарақталуы тиіс.

28. Жеңқұбыр кідірістері кемінде 2 ило Ньютон жүктемеге төтеп беруі тиіс.

29. Қол өрт сатылары берік, қамту және тасымалдау үшін қолайлы және қызмет көрсету кезінде қауіпсіз және қолайлы болуы тиіс.

30. Саты-таяқты ашу (жинау) үшін қажетті күш 80 Ньютон (бұдан әрі – Н) артық болмауы тиіс. Үш иінді сатыны жылжыту үшін қажетті күш 500 Н артық болмауы тиіс.

31. Механикаландырылмаған қол өрт аспабының эргономикалық талаптарға жауап беретін пішіні мен салмағы болуы тиіс.

Өрт балталары мен бақандарының металл бөліктері саптарына сенімді орнатылуы тиіс.

Ағаш саптар ағаштың берік түрлерінен дайындалуы және сызаттары мен сынулары болмауы тиіс.

32. Ұтқыр өрт сөндіру құралдары мынадай бір немесе бірнеше функцияларды орындауды қамтамасыз етуі тиіс:

1) өрт орнына өрт сөндіру бөлімшелерінің жеке құрамын, өрт сөндіргіш заттарды, өрт жабдығын, өрт сөндірушілердің жеке қорғану және өрт сөндірушілердің өзін-өзі құтқару құралдарын, өрт аспабын, адамдарды құтқару құралдарын жеткізу;

2) өрт аймағына өрт сөндіргіш заттарды беру;

3) өрт сөндірумен байланысты авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу;

4) өрт сөндіру бөлімшелері орындайтын жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

33. Өрт сөндіру мотопомпалары су құбыры желісінен, сыйымдылықтардан және (немесе) ашық су көздерінен өрт сөндіруге қажетті шығынмен және жұмыс қысымымен су жинауды және беруді жүзеге асыруы тиіс.

Ауыспалы өрт сөндіру мотопомпаларының конструкциясы оларды екі оператордың тасымалдау және жерге (су бетіне) орнату мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Тіркемелі өрт сөндіру мотопомпалары тіркемелерде орнықты орнатылуы қажет. Тіркемелердің конструкциясы мотопомпаларды өрт орнына тасымалдау қауіпсіздігін және су жинау және беру кезінде олардың орнықты орналасуын қамтамасыз етуі тиіс.

34. Ұтқыр өрт сөндіру құралдарында орнатуға арналған өрт сорғылары қажетті (нормаланған) шығынымен және жұмыс қысымымен суды, көбік түзгіштердің су ерітінділерін беруді жүзеге асыруы тиіс.

Өрт сорғылары олардың конструктивтік ерекшеліктеріне және негізгі параметрлеріне байланысты:

1) қалыпты қысым кезінде су мен өрт сөндіргіш ерітінділерін беруді;

2) жоғары қысым кезінде су мен өрт сөндіргіш ерітінділерін беруді;

3) қалыпты және жоғары қысым кезінде су мен өрт сөндіргіш ерітінділерін беруді қамтамасыз етуі тиіс.

4-тарау. Сәйкестік презумпциясы

35. Өрт техникасының осы Техникалық регламентке сәйкестігі оның талаптарын тікелей орындаумен немесе қолдану нәтижесінде ерікті негізде Техникалық регламент талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін Стандарттар тізбесіне енгізілген стандарттардың талаптарын орындаумен қамтамасыз етіледі.

5-тарау. Сәйкестікті растау

36. Өрт техникасы Қазақстан Республикасы нарығына жеткенге дейін сәйкестікті растау рәсімінен өткізілуі тиіс.

37. Сәйкестікті растау жөніндегі органдар, олардың функциялары, құқықтары мен міндеттері "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңына сәйкес айқындалады.

38. Өнімнің осы және өзге де техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігін растау сәйкестікті сертификаттау немесе декларациялау нысандарында жүзеге асырылады.

6-тарау. Стандарттар тізбесі

39. Қолдану нәтижесінде ерікті негізде техникалық регламент талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін стандарттар тізбесі Техникалық регламентке 6-қосымшада келтірілген.

Зерттеулер (сынақтар) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын және техникалық регламенттің талаптарын қолдану мен орындау және өнімнің сәйкестігін бағалауды (растауды) жүзеге асыру үшін қажетті стандарттар тізбесі Техникалық регламентке 7-қосымшада келтірілген.

"Объектілерді қорғауға арналған
өрт техникасының қауіпсіздігіне
қойылатын талаптар"
техникалық регламентіне
1-қосымша

Осы Техникалық регламенттің талаптары қолданылатын өнімнің тізбесі

ЕАЭҚ СЭҚ ТА коды	Өнімнің атауы
1. Ұтқыр өрт сөндіру мотопомпалары:	
